

## **Бюджет қарыздары бойынша есептеме жасау туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 31 қазандағы N 1409

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Ішкі істер министрлігінің коммуналдық қызмет көрсеткені үшін "Балқашмыс" өндірістік бірлестігіне берешегін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджет пен пайдаға салынатын салық бойынша республикалық бюджетке 10700 мың /он миллион жеті жүз мың/ теңге сомасында берешегі бар "Балқашмыс" өндірістік бірлестігі арасындағы берешекке біржолғы есептеме жүргізсін.

Аталған сома Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің мекемелері бойынша 8243 мың /сегіз миллион екі жүз қырық үш мың/ теңге сомасында және Ішкі істер министрлігінің мекемелері бойынша 2457 мың (екі миллион төрт жүз елу жеті мың) теңге сомасында "Балқашмыс" өндірістік бірлестігінің коммуналдық қызмет көрсеткені үшін берешекті өтеуді қаржыландыру есебіне жатқызылсын.

2. Берешек 1995 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша аталған сомалар республикалық бюджеттің кірістері мен шығыстары бөліктерінде көрсетіле отырып есепке алынсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі